

Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Қараменді батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 1

2024–2025 оқу жылы

Жиналыс тақырыбы: «5–6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері»

Өткізілген күні: 02 қыркүйек 2024 ж.

Өткізілген орны: «Қазан жалпы орта мектебі», мектепке дейінгі дайындық сыныбы

Форматы: офлайн (фронтальды жиналыс)

Қатысқандар саны: 5 ата-ана

Қатыспағандар саны: 0

Жиналыстың мақсаты:

Ата-аналармен бірлесіп отырып сыныптағы оқу-тәрбие процесіне қатысты маңызды мәселелерді талқылау және шешу жолдарын қарастыру.

Күн тәртібі:

1. «5–6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері» тақырыбында кеңес.
2. «Бала үйде ата-анасымен» атты сауалнама.
3. Тұмау және суық тию ауруларының алдын алу бойынша әңгіме.
4. Сыныпқа қатысты ұйымдастыру мәселелері (бастапқы мониторинг, ата-аналар комитетін сайлау, мектеп және сынып өміріне қатысу).

1. Тыңдалды:

Тәрбиеші **Қүсегенова А.М.** 5–6 жастағы балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктері туралы ақпарат берді.

Негізгі ұсыныстар:

- Баланың қиялын, ойдан шығарған дүниесін құрметтеу;
- Өзіндік пікірін білдіруге қолдау көрсету;
- Шекара қою дағдыларын дұрыс қалыптастыру;
- Құрдастарымен және отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасауға жағдай жасау;
- Балаға еркіндік беріп, өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беру;
- Міндеттеу емес, өтініш арқылы қарым-қатынас жасау.

Шешім: ақпарат назарға алынды, тәрбиешінің ұсынымдарымен танысты.

2. Тыңдалды:

«Бала үйде ата-анасымен» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама 13 сұрақтан тұрды. Мақсаты — отбасының құндылықтары мен баланың жағдайын танып білу.

Нәтижелер тек тәрбиешінің жұмысына арналған, жарияланбайды.

Шешім: сауалнама нәтижелері алдағы уақытта ата-аналармен және оқушылармен ынтымақтастық орнату үшін қолданылады.

3. Тыңдалды:

Мектептің медицина қызметкері **Жумабекова К.Е.** тұмау мен суық тию ауруларының алдын алу жөнінде баяндама жасады.

- Сабаққа себепсіз келмеу — баланың түрлі іс-шаралар мен байқауларға қатысуына кедергі болуы мүмкін.
- Ауру кезінде міндетті түрде медициналық анықтама ұсынылуы тиіс.

Шешім: ата-аналар балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға жауапты. Витаминдендірілген тамактануды, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау міндеттелді.

4. Тыңдалды:

Тәрбиеші **Қүсегенова А.М.** сынып бойынша ұйымдастыру мәселелерін жеткізді:

- бастапқы мониторинг өткізу;
- ата-аналар комитетін сайлау;
- сынып пен мектеп өміріне қатысу.

Ата-аналар комитетінің төрағалығына ұсынылғандар:

- **Абенова Алина Аскатовна**
- **Макишева Эльмира Тулегеновна**
- **Қасым Жанар Күсегенқызы**

Барлық ата-аналар сайланған ата-ана комитетін бірауыздан қолдады.

Шешім: ата-аналар комитетінің төрайымы болып **Қасым Жанар Күсегенқызы** бекітілсін.

5. Қаулы етілді:

1. «5–6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері» туралы ұсынылған ақпарат назарға алынсын.
2. Сауалнама нәтижелері тәрбиеші жұмысына қолдануға қабылдансын.
3. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту — ата-аналардың ортақ міндеті ретінде бекітілсін.
4. Ата-аналар комитетінің төрайымы: **Қасым Ж.К.**

Комитет төрайымы:  Қасым Ж.К.
Тәрбиеші:  Құсегенова А.М.

Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Қараменді батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 2

2024–2025 оқу жылы, I тоқсан

Жиналыс тақырыбы: *«Бала мектептегі алғашқы қадамдарында. Бірінші тоқсан қорытындысы»*

Жиналыс күні: 28 қазан 2024 ж.

Өткізілген орны: Қараменді батыр ауылының ЖОББМ, мектепке дейінгі дайындық сыныбы

Форматы: офлайн (фронтальды жиналыс)

Қатысқандар саны: 5 ата-ана

Қатыспағандар саны: 0 ата-ана

Жиналыстың мақсаты:

Оқушылардың мектепке бейімделу мәселелерімен ата-аналарды таныстыру және оларды шешу жолдарын қарастыру.

Күн тәртібі:

1. Бірінші тоқсан қорытындысы.
2. «Бала мектептегі алғашқы қадамдарында» тақырыбындағы сөз сөйлеу.
3. Күзгі каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері.
4. Сынып бойынша ұйымдастыру сұрақтары.

1. Тыңдалды:

Тәрбиеші **Құсегенова А.М.** бірінші тоқсанның қорытындысы туралы баяндады.

- Старттық бақылау мен диагностика нәтижелері таныстырылды;
- Коррекциялық жұмыстардың бағыттары анықталды.
Жалпы 20 балаға бағытталған жеке жұмыс ұйымдастырылуда.
Мақсат — баланың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

Шешім: Старттық мониторинг қорытындылары туралы ақпаратты назарға алу, баланың жан-жақты дамуына ықпал ету.

2. Тыңдалды: «Бала мектептегі алғашқы қадамдарында» тақырыбында тәрбиеші сөз сөйледі.

Адаптациялық кезеңдегі ата-ананың қарым-қатынас стилі баланың мектепке бейімделуінде шешуші рөл атқаратыны айтылды.

Ұсыныстар:

1. Балаға қатысты паникаға берілмеу, жазғырмау, керісінше көмек көрсету;
2. Қиындықтың себебін анықтап, оны жоюға бағытталған қолдау көрсету (дербестік, қарым-қатынас, мотивация т.б.);
3. Балада мектепке деген жағымды мотивация қалыптастыру, оқу үдерісін қызықты ету.

Шешім: Ақпарат назарға алынды. Мектепке бейімделу үдерісінде ата-аналардың қолдау көрсетуі маңызды екені айтылды.

3. Тыңдалды:

Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы **Күсегенова А.М.** ақпарат берді.

Ата-аналарға түсіндірілді:

- жұқа мұзда ойнауға жол бермеу;
- қараңғы уақытта балалардың жалғыз жүруіне тыйым салу;
- жолда жүру ережелері, бөтен адамдармен сөйлеспеу;
- электр мен газ қауіпсіздігі.

Шешім: Ақпарат назарға алынды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету — ата-аналардың тікелей міндеті.

4. Тыңдалды:

Сынып бойынша ұйымдастыру мәселелері қаралды.

- Сынып пен мектеп өміріне белсенді қатысу қажеттілігі айтылды.

Сөз сөйледі:

- **Абенова Алина Аскатовна**
- **Макишева Эльмира Төлегеновна**
- **Қасым Жанар Күсегенқызы**
- **Анар Маратовна**

Шешім: Ұйымдастыру мәселелерін ата-аналармен бірлесе отырып шешу.

5. Қаулы етілді:

1. Старттық мониторинг қорытындылары туралы ақпарат назарға алынып.
2. «Бала мектептегі алғашқы қадамдарында» тақырыбындағы ұсыныстар ескерілсін, ата-аналар тарапынан қолдау көрсетілсін.

3. Күзгі каникул кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.
4. Сынып мәселелері ата-аналармен және педагогтармен бірлесе шешілсін.

Комитет төрайымы:  Қасым Ж.К.

Тәрбиеші:  Құсегенова А.М.

Қараменді батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 3

2024–2025 оқу жылы, II тоқсан

Жиналыс тақырыбы: *«Өз-өзіңді және өзгелерді түсінуге үйренейік. Екінші тоқсан қорытындысы»*

Жиналыс күні: 20 желтоқсан 2024 ж.

Өткізілген орны: Қараменді батыр ауылының ЖОББМ, мектепке дейінгі дайындық сыныбы

Форматы: офлайн (фронтальды жиналыс)

Қатысқандар саны: 5 ата-ана

Қатыспағандар саны: 0

Жиналыстың мақсаты:

Ата-аналардың баланы мектепке дайындау мәселелері бойынша білімдерін жетілдіру, тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі:

1. II тоқсан қорытындысы.
2. Қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері.
3. Тренинг «Өз-өзіңді және өзгелерді түсінуге үйренейік».
4. Сынып бойынша ұйымдастыру сұрақтары.

1. Тыңдалды:

Тәрбиеші **Құсегенова А.М.** II тоқсан қорытындысы туралы баяндады.

- *Аралық бақылау* бақылау мен диагностикаға дайындық және өткізу туралы айтты;
- Қатысым мен үлгерім мәселелеріне тоқталды;
- Сабаққа қатыспаудың білім сапасына кері әсер ететіні ескертілді.

«Кейбір балалардың себепсіз сабақ босатуы оқу материалының толық меңгерілмеуіне, іс-шараларға қатыспауына әкелді. Келе жатқан байқаулар мен театр жобаларына дайындық жүріп жатыр. Ата-аналардан себепсіз сабақ калдырмауды сұраймын».

Шешім: Қатысымға ерекше назар аудару. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Сабақ босатуға жол бермеу.

2. Тыңдалды:

Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері туралы **Қүсегенова А.М.** баяндама жасады.

Ата-аналарға:

- мұз үстінде ойнауға жол бермеу,
- қараңғы уақытта баланы жалғыз жібермеу,
- жолда жүру ережелері,
- бөтен адамдармен сөйлеспеу,
- электр мен газ қауіпсіздігі,
- мереке кезіндегі петардалар мен отшашулардың қауіптілігі түсіндірілді.

Шешім: Ақпарат назарға алынды. Балалардың қауіпсіздігін ата-аналар қамтамасыз етуге міндетті.

3. Тыңдалды:

«Өз-өзіңді және өзгелерді түсінуге үйренейік» атты тренинг өткізілді. Педагог-психолог **Берікбай Ж. Б.** келесі жұмыстарды жүргізді:

- топтық жұмыс ережелерімен таныстырды;
- қарым-қатынас пен тыңдау мәдениеті бойынша әңгіме өткізді;
- жеке даму модельдері мен жас ерекшеліктері туралы ақпарат берді;
- ойындар, жаттығулар, рефлексия ұйымдастырды.

Шешім: Тренинг барысында ата-аналардың белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністі нығайту.

4. Тыңдалды:

Сынып бойынша ұйымдастыру сұрақтары қаралды. Ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылды:

- **Абенова А.А.** – «Байқауы туралы толығырақ айтып беріңізші. Қашан, қалай дайындалады?»
- **Жұмажан Г.** – «Мониторинг қалай жүргізіледі? Бұл не?»

Тәрбиеші сұрақтарға толық жауап берді.

Шешім: Ұйымдастыру мәселелерін ата-аналармен және педагогтармен бірлесе шешу, мектеп өміріне белсенді қатысу.

5. Қаулы етілді:

1. Сыныптың қатысымын бақылауға алу, себепсіз сабақ босатуға жол бермеу.
2. Қыс мезгілінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау.
3. Ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністі дамытуға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу.
4. Сынып және мектеп өміріндегі ұйымдастыру жұмыстарына қатысу.

Комитет төрайымы:  Қасым Ж.К.

Тәрбиеші:  Құсегенова А.М.

Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Қараменді батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 4

2025–2026 оқу жылы, III тоқсан

Жиналыс тақырыбы: «Балаларды мектепке дайындаймыз. Бұл нені білдіреді? Үшінші тоқсанның қорытындысы»

Жиналыс күні: 18 наурыз 2025 ж.

Өткізілген орны: Қараменді батыр ауылының ЖОББМ, мектепке дейінгі дайындық сыныбы

Форматы: офлайн (фронтальды жиналыс)

Қатысқандар саны: 5 ата-ана

Қатыспағандар саны: барлық ата-ана қатысты

Жиналыстың мақсаты:

Оқу жылының қорытындысын шығару, мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке дайындық деңгейін талқылау.

Күн тәртібі:

1. III тоқсанның қорытындысы.
2. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері.
3. «Балаларды мектепке дайындаймыз. Бұл нені білдіреді?» тақырыбында әңгіме.

1. Тыңдалды:

Тәрбиеші **Құсегенова А.М.** үшінші тоқсанның қорытындысын жариялады және мектепалды даярлық жұмыстарының негізгі бағыттарын атап өтті:

- физикалық даму;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік қабілеттерді дамыту;
- шығармашылық және зерттеушілік іс-әрекеттерді дамыту;
- әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды қалыптастыру.

Жылдық жоспарға сәйкес, тәрбиеленушілер мектепішілік, аудандық және облыстық байқаулар мен іс-шараларға қатысты. Атап айтқанда: «Заттарға екінші өмір сыйлайық» атты көпөнер байқауы, зияткерлік және шығармашылық конкурстар.

Шешім: Ата-аналарға балалардың жетістіктері туралы ақпаратты назарға алу және олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау ұсынылды.

2. Тыңдалды:

Көктем мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері бойынша **Құсегенова А.М.** баяндама жасады.

Ата-аналарға түсіндірілді:

- мұз еріп жатқан су айдындарында балалардың үлкендердің қарауынсыз болмауы;
- жолда жүру ережелерін сақтау;
- бейтаныс адамдармен сөйлеспеу;
- электр және газ қауіпсіздігі;
- көктемгі қауіптердің алдын алу шаралары.

Шешім: Ақпарат назарға алынды. Балалардың қауіпсіздігін ата-аналар қамтамасыз етуге міндетті.

3. Тыңдалды:

«Балаларды мектепке дайындаймыз. Бұл нені білдіреді?» тақырыбында әңгіме өткізілді.

Тәрбиеші **Қүсегенова А.М.** және психолог **Берікбай Ж.Б.** балалардың мектепке психологиялық, физикалық және моральдық дайындығының маңыздылығын атап өтті. Ата-аналар балалардың оқу және сөйлеу дағдыларының дамуына қатысты бейнеролик қарап, талқылады.

Талқылау барысында:

- **Қүсегенова А.М.** ата-аналарға үй жағдайында мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруды ұсынды.
- **Берікбай Ж.Б.**— «Балалардың психологиялық және әлеуметтік дайындықтарына әлі де назар аудару қажет» деді.

Ата-аналар сауалнама мен онлайн-сауалнама толтырды, тәжірибе алмасты.

Шешім:

1. «Балаларды мектепке дайындау» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес дайындау.
2. Ата-аналар бұрышына болашақ бірінші сынып оқушыларына арналған жадынама ілу.
3. «Мектепке дайындық» тақырыбында арнайы әдебиеттер көрмесін ұйымдастыру.

4. Қаулы етілді:

1. Балалардың жетістіктері мен оқу нәтижелері туралы ақпарат назарға алынып, жан-жақты дамуына жағдай жасалсын.
2. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері ата-аналар тарапынан қатаң сақталсын.
3. Ата-аналармен жұмыс аясында қосымша кеңестер мен материалдар әзірленсін.

4. Балалардың мектепке тілдік және психологиялық дайындығын қолдау жұмысы үй жағдайында да жалғастырылсын.

Комитет төрайымы:  Қасым Ж.К.

Тәрбиеші:  Қүсегенова А.М.